Медицина қызметкері жыл сайын білім алушылардың денсаулығын сақтау және нығайту, олардың арасында сырқаттанушылықты азайту, профилактикалық егулерді, профилактикалық тексерулерді өткізуді ұйымдастыру және алғашқы медициналық-санитариялық көмек (БМСК) ұйымдарына бекітілген орны бойынша уақтылы диспансерлеуді бақылауды жүргізу жөніндегі іс-шараларды жоспарлайды. Білім алушыларды профилактикалық тексеруді МСАК ұйымдарының мамандары мектеп аумағына шыға отырып жүргізеді.

Мектеп білім алушылардың, олардың ата-аналарының (заңды өкілдерінің) жоспарлы түрде профилактикалық тексерулер, вакцинация жүргізу немесе оларға басқа да медициналық қызметтер көрсету кезінде медициналық араласуға ақпараттандырылған келісімін немесе бас тартуын алуға жәрдемдеседі.

Медбике мектеп оқушыларының тиісті контингентіне жоспарлы, маусымдық немесе эпидемиялық көрсеткіштер бойынша вакцинация жүргізуді, оларға қарсы профилактикалық егулер жүргізілетін аурулардың тізбесіне сәйкес вакцинацияланғандарды кейіннен бақылауды қамтамасыз етеді.

Мектептің медицина қызметкері оқытындарға, педагогикалық және техникалық персоналға созылмалы аурулар, жарақаттар жіті және асқынған жағдайларда жедел медициналық көмек көрсетеді (шұғыл дәрігерге дейінгі көмек, аумақтық емханаға жіберу, жедел жәрдем бригадасын шақыру).

Сондай-ақ, медбике психологтармен және мектептің әлеуметтік педагогымен бірлесіп алдын алу шараларын қабылдай отырып, психикалық және эмоциялық салауаттылықты қолдайтын дағдыларды игеруге қатысады, қауіп- қатердің мінез-құлық факторларын (темекі шегу, нашақорлық, уытқұмарлық, маскүнемдік) төмендетуге және оқушылар арасында суицидтер бойынша қауіп топтарын анықтауға қатысады.

Мектепте салауатты өмір салтын қалыптастыру проблемалары орталықтарының мамандарымен бірлесіп, жыл сайын ата-аналар, білім алушылар мен педагогтар арасында салауатты өмір салтын насихаттау саласында, педагогикалық кеңестерде, сынып сағаттарында, жалпы және ата-аналар жиналыстарында сауаттылықты және хабардар болуды арттыру жөніндегі іс-шараларды жоспарлайды және жүргізеді.

Медбике оқу процесін және оқытудың қауіпсіз жағдайларын ұйымдастыруға, ұтымды және қауіпсіз тамақтануды қамтамасыз етуге, мектепте санитариялық-эпидемиологиялық режимді сақтауға қатысады.

Білім алушыларға медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыру Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 07.04.2017 жылғы № 141 бұйрығына сәйкес жүргізіледі.

«Медициналық қызмет көрсетудің бар-жоғы туралы мәліметтер»
(29-қосымша)

Мектеп медбикесінің жұмыс жоспары

№	Іс шаралар	Мерзімдері
1	Бірінші сынып оқушыларының (Ф026, Ф065) және жаңадан келген оқушылардың құжаттарын қабылдау	қыркүйек, жыл бойы
2	Денсаулық туралы шағымдармен келген оқушыларға күнделікті амбулаториялық тексеру жүргіземіз	жыл бойы
3	Педикулезді тексеру	демалыстан кейін жылына 4 рет

4	Гигиеналық тәрбие мәселелерін қамтитын оқушылар арасында әңгімелер мен презентациялар өткізу, сондай-ақ ЖРВИ, АПВ(адам папилломасы вирусы), коронавирустық инфекцияның алдын алу. Туберкулез, вирустық гепатит, қызылша, қызамық, желшешектің алдын алу бойынша әңгімелер өткізу	жыл бойы
5	Тамақ дайындау технологиясын, ыдыс жууды, тамақ өнімдерін сату мерзімдерін бақылау. Дайын өнімнің бракераж журналдарын, ас блогы қызметкелерінің денсаулық жағдайын тіркеу журналын жүргізу	күн сайын
6	РҚ Денсаулық сақтау министрлігі бекіткен медициналық құжаттаманы ресімдеу	күн сайын
7	Жедел ауру немесе жарақат алған жағдайда дәрігерге дейінгі көмек көрсетеміз	күн сайын
8	Бірінші сынып оқушыларына АБКДС және КПП вакцинациясын жүргізу	жылына екі рет
9	Оқушыларға Манту сынағасын жүргізуді тәуекел тобы бойынша Манту сынағасының оң нәтижесі болған кезде фтизиатрға тексеруге жібереміз	айына үш рет
10	Мантудың оң сынағасынан кейін Диаскинтест жүргізу	айына үш рет
11	«Темекі – денсаулыққа зиян» тақырыбындағы тәрбие сағаттары, әңгімелесу	қаңтар
12	Дәрі-дәрмектерге, медициналық мүкәммалға, егу құралдарына өтінімдер жасау	ай сайын
13	Құжаттарды дайындау және жасөспірімдерді №7 қалалық емханаға жасөспірімдер кабинетіне беру	наурыз, қараша
14	Кейіннен сауықтыра отырып, тар мамандармен профилактикалық тексеру жүргізу	жылына бір рет
15	Оқушылардың қозғалыс торын құру	ай сайын
16	Жасалған екпелерді толтыру Ф026, Ф065	ай сайын
17	16 жасқа толған жасөспірімдерге АДСМ вакцинациясын жүргізу	ай сайын
18	Кәсіби тексерулерді КМИС жүйесіне енгіземіз	күн сайын
19	Профилактикалық егулер бойынша ата-аналармен және сынып жетекшілерімен әңгімелесу өткізу	ай сайын
20	Манту жоспарын жасаймыз	ай сайын
21	Вакцинация КПП, АБКДС, ВГА жоспарын жасаймыз	жылына екі рет
22	Аурулар бойынша денсаулық бұрыштарын безендіру	жыл бойы
23	Семинарларға, лездемелерге, жиналыстарға қатысу	ай сайын

Қорытынды: Мектепте білім беру процесіне қатысушыларға медициналық қызмет көрсету бойынша жұмыс жеткілікті деңгейде жүргізіледі.

5.6. Білім алушылар үшін тамақтану объектісінің болуы туралы мәліметтер

2024-2025 оқу жылында 1007 оқушы ыстық тамақпен қамтамасыз етіледі (100% қамту), оның ішінде 1-4 сынып оқушылары –791, 5-11 сынып аралығындағы әлеуметтік осал топқа жататын оқушы саны – 216.

2022-2023 оқу жылынан бастап мектеп асханасын жалға алушы

«НУРБЕКОВА И.С.» ЖК болып табылады. Асхана ашуға СЭС рұқсаты бар, барлық қажетті құжаттама жүргізілуде.

Бір балаға арналған тегін ыстық тамақтың құны 2024-2025 жылдары күніне 800 теңгені құрады. МБҰ, СЭС және мектеп директоры бекіткен екі апталық перспективалық мәзірге сәйкес мәзірде өнімдердің шығуы, каллорийлігі көрсетіледі, әрбір тағамға дайындықтың технологиялық картасы жасалған.

Жыл сайын оқу жылының басында тамақтануды бақылау бойынша жауапты мониторинг, бракераж комиссияларын құру жөнінде бұйрықтар жасалады. Тұрақты тексерулер бойынша актілер, тексеру қорытындыларының хаттамалары жасалады, фотосуреттері бар барлық ақпарат мектеп сайтына, «Күнделік» электрондық журналына жіберіледі.

Дұрыс, толыққанды тамақтануды және санитарлық нормалар мен ережелерді сақтауды қамтамасыз ету мақсатында ҚР Үкіметінің 30.12.20 жылғы

№64 қаулысымен бекітілген тамақтану жөніндегі комиссияның жұмыс жоспары жасалады.

Асханада мектеп директоры бекіткен 1-11 сынып оқушыларының сыныптар мен ауысымдар бойынша тамақтану кестесі бар. Айдың соңғы күні, жұмыс күнінің соңында тамақтану бойынша есеп береді және бастауыш сынып санаты үшін ыстық тамақты ұйымдастыру жөніндегі жауапты есепшіге және белгіленген нысандар бойынша жаппай оқыту қорынан тапсырады.

Мектеп асханасы 300 орынға есептелген.

Асханада қуыру шкафы, 3 плита, бірінші және екінші тағамға арналған мармиттер, ес кесу құрылғысы, электр табасы, 2 тоңазытқыш, қамыр илеу құрылғысы, салқындатқыш камера, 6 камералы 3 электр плитасы. Ас блогы қажетті жабдықтармен және ыдыстармен қамтамасыз етілген. Асхана қызметкерлерінің арнайы киім жиынтығы болады. Тағамдарды беру тіреуінде салмағы мен бағасы көрсетілген күнделікті мәзір қойылады. Сондай-ақ: бөлке, шырын, компот, кисель және т.б. сатылады. Күн сайын асхана 200-ден аса мұғалім мен техперсоналды қоса алғанда, балаларды ыстық және буфеттік тамақпен 100% қамтиды.

Тоңазытқыштарда тәуліктік сынамалар бар. Қойма үй-жайларында тауарлық көршілестік қатаң сақталады. Барлық өнімдерге сапасы мен қауіпсіздігін растайтын құжаттар, сәйкестік сертификаттары бар.

Мектепте ауыз су режимі сақталады, ауыз су бұрқақтары орнатылып, жұмыс істейді. Асханаға кіреберісте қол жууға арналған арнайы орын ұйымдастырылған.

Асхана штатында 2 балалар аспазы, 1 жеңіл тағам аспазы, 2 наубайшы, 4 ыдыс таратушы, 4 тағам үлестіруші, 1 меңгеруші, 2 буфет қызметкері, 2 үй жұмысшысы және 2 ыдыс-аяқ жұмысшысы жұмыс істейді. Асхана қызметкерлерінің үшеуінде арнаулы білімі бар. Барлық қызметкерлер медициналық комиссиядан өтеді және күн сайын мектептің медицина қызметкері тексереді, есепке алу журналы жүргізіледі.

Қорытынды: оқушылар сапалы тамақтанады, сондай-ақ 1-4 сыныптар арнайы бекітілген кестеге сәйкес тегін тамақтанады, буфет жұмыс істейді, таңдау үшін мұғалімдер мен оқушылар пайдалана алатын бос мәзір бар. Апта сайын бракераж комиссиясы жұмыс істейді, оның құрамына ата-аналар кіреді, ас сапасын және асхананың жұмысын бақылайды.

«Тамақтану объектісінің бар-жоғы туралы мәліметтер» ([30-қосымша](#))

6. БӨЛІМ. АҚПАРАТТЫҚ РЕСУРСТАР ЖӘНЕ КІТАПХАНА ҚОРЫ

6.1. Оқу, көркем және ғылыми әдебиет қорының бар болуы туралы мәліметтер

Кітапхана мектеп ғимаратының екінші қабатында орналасқан. 2020 жылы «Заманауи кітапхана» ретінде жасақталды, жалпы ауданы 272,52 шаршы метр. Кітапхана екі залдан тұрады: оқу залы және көркем әдебиеттер залы. Оқу залында, сондай-ақ, мұғалімдердің және оқушылардың электронды оқулықтармен, көркем әдебиеттермен жұмыс жасауына ыңғайлы 10 орындық үздіксіз ғаламтор жүйесі қосылған компьютерлермен жабдықталған. Панельдік тақта қойылған, осы арқылы оқушылар мен мұғалімдердің онлайн вебинарларға топтаса қатысуына, кітапхана жұмыстарын презентациялауға мүмкіндік 4820 дана көркем әдебиет қоры, 67693 дана оқулық қоры оқушылар мен мұғалімдер пайдасына жұмыс жасайды. Жалпы кітапхана заман талабына сай: коворкинг аймағы, бірнеше оқырман аймағы, кітап сөрелері мен «Оқуға құштар мектеп», «Қайым оқырмандары», «Балаларға арналған көркем әдебиет», «Біз оқуға құштармыз!», «Сүйікті оқылым сен үшін балдырған», «Жаңа кітаптар сіздер үшін оқырман», «Ата Заң – азат елдің ер-намысы», «Қазақтың қайсар Қайымы», «Алдымда ақын Абай-темірқазық», «Ұраны Алаш- ұстанымы - ұлт рухы», «Қос алып: Әл-Фараби мен Абай», «Мәңгілік елдің ұлы тұлғалары», «Туған өлке тарихы – ұрпаққа ұлағат» сияқты тақырыптық сөрелермен жасақталған.

Кітапхана орналасқан екінші қабаттың үлкен аймағында «Адал кітапхана», «Кітап сыйлайық», «Оқулық - білім азығы» секілді ауқымды сөрелермен жасақталып, оқушылардың кітап оқуына жағдай жасалған.

Жұмыс уақыты: дүйсенбіден жұма күндеріне дейін 09:00–18:00 уақыт аралығы. Әр айдың соңғы күнінде тазалық жұмысы жүргізіледі. Кітапхана меңгерушісі болып Аманжолова Гүлнар Шакизақызы қызмет атқарады. Алматы қыздар педагогикалық институтының «Кітапханатану және библиография» мамандығы бойынша жоғары білімі бар, кітапханашылық еңбек өтілі – 42 жыл.

Кітапхана қорының жыл бойынша салыстыру кестесі.

№	Көрсеткіштердің атауы	2022-2023 оқу жылы	2023-2024 оқу жылы	2024-2025 оқу жылы
1	Кітапхананың жалпы қоры	54628	61154	72513
2	Көркем әдебиет қоры	4613	4737	4820
3	Оқулық қоры	50015	56417	67693
4	Оқырмандар саны	510	830	1210
5	Келу саны	2040	3320	4840
6	Кітап беру	6120	9960	58080
7	Оқу мүмкіндігі	3,3	3,7	3,7
8	Қатысу	4,07	4,2	4,1
9	Кітап қорының айналымы	3,5	3,7	3,1
10	Кітаппен қамтамасыз ету	1,1	1,1	1,1
11	Оқулықтармен қамтамасыз ету	100%	100%	100%

Кітапхананың кітап қоры

жыл	Кітапхананың кітап қоры (саны)					электро ндық басылы мдар қоры			мерзімді басылымдар саны			
	Барлығы (6-12 бағандардың)	Негізгі қоры				Оқулықтар қоры			Барлығы	Оның ішінде негізгі қор	Барлығы	Оның ішінде оқушыларға арналған
		Көркем әдебиет	Қазақ тілінде	Орыс тілінде	Шет тілінде (ағылш., оң., франц.)	Оқулықтар	Қазақ тілінде	Орыс тілінде				
2022	4613	4561	50	2	50015	50015	-0	0	0	32	75	22
2023	4737	4644	78	15	56417	56417	-0	50	50	35	53	17
2024	4820	4700	98	22	67693	67693	-0	60	60	32	34	15

Қазіргі таңда электронды оқулықтарды қолданумен қатар мерзімді асылымдардың электронды ресурстарына сұраныс жоғары. Сонымен қатар, осындай сайттардың танымалдығы бар.

Мектепте оқушыларды 1-сыныптан 11-сыныпқа дейін оқулықтармен қамтамасыз ету бойынша жыл сайын тізім жасалады, оған сәйкес мектеп 100% оқулықтармен қамтылған. Негізгі және оқу қоры жүйеленген:

оқулықтар сыныптар бойынша топтастырылған;

негізгі қор – кітапханалық-библиографиялық классификацияға (ББК) сәйкес.

Кітапхана аймағында оқу және ойын аймақтарын ұйымдастыру жұмыстары жүргізіледі (шахмат, үстел ойындары).

Мұғалімдерге әдебиеттерді іздеу, сыныптан тыс іс-шараларды өткізу, пәндер бойынша оқу-әдістемелік әдебиеттерді іріктеу бойынша әдістемелік көмек көрсетіледі.

Қорытынды: кітапхана қоры балаларға арналған оқу, бағдарламалық көркем, салалық, анықтамалық әдебиеттермен толықтырылған және топтарға бөлінген, оқушылар 100% оқулықтармен қамтамасыз етілген, қор электронды оқу құралдарымен, анықтамалық әдебиеттермен, оқулықтармен және көркем әдебиеттермен тұрақты түрде толықтырылып отырады. Жыл сайын директор жанындағы кеңесте кітапхананың жұмысы талданып отырады.

Кітапхана қорының бар болуы туралы мәліметтер [\(31-қосымша\)](#)

Кітапхана қорының 3 жыл бойынша салыстыру кестесі.

2022-23 оқу жылына алынған оқулықтар саны		2023-24 оқу жылына алынған оқулықтар саны		2024-2025 оқу жылына алынған оқулықтар саны	
саны	сомасы	саны	сомасы	саны	сомасы
27587	4 886 9600	6 342	13 982 608	11276	29 738 829 тг

2023-24 жылы сатып алынған көркем әдебиет (Шілде айында)		2023-24 жылы сатып алынған көркем әдебиет (қараша айында)		2024-25 жылы сатып алынған көркем әдебиет (қыркүйек айында)	
саны	сомасы	саны	сомасы	саны	сомасы
279	894319тг	241	1 862 896 тг	1603	3 млн 975 983

Мектеп кітапхана қорының жинақталуы және қалыптастырылуы

КІТАПХАНА ҚОРЫНЫҢ ЖИЫНТЫҚ ЕСЕБІ	Көркем әдебиетпен қамтылу көрсеткіші	Оқулықпен қамтамасыз етілген оқушылар үлесі %	әдістемелік әдебиеттермен қамт. етілуі (қажеттіліктер %-бен)	Ғылыми танымдық және әдістемелік журналдармен қамт. етілуі (қажеттіліктер %-бен)	АБА қамтамасыз етілуі (сөздік, анықтамалық, энциклопедия, қажеттіліктер %-бен)	Дидактикалық материалдар (қажеттіліктер %-бен)	Электронды оқулықтар және ОӘК қамтамасыз етілуі (қажеттіліктер %-бен)
Қамтылу пайызы	65 %	100 %	35 %	350 %	65 %	10 %	0%, 20%

Қазіргі таңда электронды оқулықтарды қолданумен қатар мерзімді басылымдардың электронды ресурстарына сұраныс жоғары.

Мектепте оқушыларды 1-сыныптан 11-сыныпқа дейін оқулықтармен қамтамасыз ету бойынша жыл сайын тізім жасалады, оған сәйкес мектеп 100% оқулықтармен қамтылған. Негізгі және оқу қоры жүйеленген: • оқулықтар сыныптар бойынша топтастырылған; • негізгі қор – кітапханалық-

библиографиялық классификацияға (ББК) сәйкес. Кітапхана аймағында оқу және ойын аймақтарын ұйымдастыру жұмыстары жүргізіледі (шахмат, үстел ойындары). Мұғалімдерге әдебиеттерді іздеу, сыныптан тыс іс-шараларды өткізу, пәндер бойынша оқу-әдістемелік әдебиеттерді іріктеу бойынша әдістемелік көмек көрсетіледі. Қорытынды: кітапхана қоры балаларға арналған оқу, бағдарламалық көркем, салалық, анықтамалық әдебиеттермен толықтырылған және топтарға бөлінген, оқушылар 100% оқулықтармен қамтамасыз етілген, қор электронды оқу құралдарымен, анықтамалық әдебиеттермен, оқулықтармен және көркем әдебиеттермен тұрақты түрде толықтырылып отырады. Жыл сайын директор жанындағы кеңесте кітапхананың жұмысы талданып отырады.

6.2. Компьютерлік сыныптардың, компьютерлердің, интернетке қосылудың бар болуы туралы мәліметтер

Компьютерлік сыныптар – 4 (оның ішінде «STEM аймағы»– 1). Интернет жылдамдығы – 120 Мб/сек.

Интернет нүктелерінің саны – 1.

Мектептің оқу-тәрбие процесінде педагогтардың кәсіби құзыреттілігін үздіксіз арттыру, педагогтар мен оқушылардың ақпараттық мәдениетін қалыптастыру мақсатында информатизация келесі бағыттар бойынша жүргізілді:

Педагогтардың және мектеп әкімшілігінің ақпараттық мәдениетін дамыту, жаңа ақпараттық технологияларды пайдалана отырып, жұмыс істей алатын педагог кадрларын даярлау, сондай-ақ, өз жұмысында ақпараттық ресурстарды пайдаланып, біліктілікті және білім сапасын жүйелі түрде арттыру;

Оқушылардың ақпараттық мәдениетін қалыптастыру;

Оқу-тәрбие процесіне жаңа заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологияларды енгізуді қамтамасыз ету, компьютерлерді жалпы білім беру және арнайы пәндерді оқыту құралы ретінде пайдалану;

Мектеп сайтының жұмысын тиісті деңгейде қамтамасыз ету.

Осы міндеттерді сапалы жүзеге асыру үшін мектепті компьютерлік техникамен жабдықтауға үлкен көңіл бөлінеді.

Кабинеттердің IT-жабдықталуын мониторингілеу

Оқу жылы	АКТ пайдаланудың үлесі	Жабдықталған кабинеттердің үлесі	Компьютерлік техника
2022-2023	73%	56%	550
2023-2024	78,2%	61,7%	550
2024-2025	84,9%	70,2%	558



Техниканың жалпы саны

№	IT техника атаулары	Саны
1	Интербелсенді тақталар мен проекторлар	9
2	Панельдік тақталар	12
3	Моноблок	117
4	Ноутбук	160
5	Нэтбук	30

Мектепте бұрын 4 информатика кабинеті болған, бірақ қазір 3 кабинет қалды. 2020-2021 оқу жылының басында 2 информатика кабинетті сыныптардың оқу кабинеттеріне жабдықталды. 2023 жылы «STEM аймағы» кабинеті құрылды.

«STEM аймағы» кабинеті 2 аймаққа бөлінген: практикалық, 5 компьютерден тұратын; дәріс оқуға арналған аймақ шыны-маркерлік тақтамен жабдықталған. Сондай-ақ, робототехника кабинеті, 3D-принтерлер, Arduino программаланатын микроконтроллер жиынтығы, Lego, Makeblock-Robot bildend mBot құрылғылары бар.

Бүгінгі күні мектепте 551 компьютерлік техника бар, олардың 92 бірлігі жұмыс істеп тұр, 91 бірлігі есептен шығаруға дайындалуда). 368-қоймада. Мектепте «Мұғалімдер бөлмесі» кабинеті бар, ол 3 моноблокпен жабдықталған, онда оқытушылар Интернет ресурстарына қол жеткізе алады.

Сонымен қатар, мектеп кітапханасында 12 компьютер, бір интерактивті панель мен Интернетке қол жеткізу мүмкіндігі бар. Мектеп «Голограмма» ЖШС арқылы 120 Мб/с жылдамдықпен 1 қосылу нүктесі бар жергілікті желі арқылы кең жолақты интернетке қосылған.

Қорытынды: Мектепте компьютерлік жабдықтарды толықтыру және жаңарту жұмыстары үнемі жүргізіліп отырады


7 БӨЛІМ. Оқушылардың білімін бағалау

Әр білім беру саласы бойынша оқушылардың дайындық деңгейі

Екі жыл бойы оқытудың тиімділігін бақылау

Жылдар	Оқушы саны	Сапа, %	Үлгерім, %	Өте жақсы, %	жақсы, %	Бір «4» %	Бір «3» %
2022-2023	1496	43,63	100	9,6	27,6	-	0,2
2023-2024	1808	50	100	10,8	32,7	-	-
2024-2025	1734	60,32	100	16,08	30	-	0,4

28-диаграмма




2022-2023 оқу жылында 61 сынып комплекті, 1496 оқушы білім алды, білім сапасы 43,63 % көрсетті. 2023-2024 оқу жылын 70 сынып комплекті, 1808 оқушымен аяқтап, 50% білім сапасын көрсетті. 2024-2025 оқу жылын 77 сынып комплектісімен бастап жылдың соңында 75 сынып комплектімен аяқтадық. Салыстыратын болсақ, 2022-2023-2023-2024 оқу жылдарын салыстырсақ, +6,37 пайызға артты. 2023-2024 оқу жылы мен 2024-2025 оқу жылын салыстырғанда +10,32 пайызға артты. Үлгерім 100%, аттестатталмаған оқушылар болған жоқ.

Бір пәннен «3» бар оқушылар саны 2022-2023 оқу жылын 2023-2024 оқу жылы мен салыстырғанда «3» -ке шыққан оқушы болмады. Керісінше 2024-2025 оқу жылында 0,4 пайызды құрап отыр.

Деңгей бойынша оқу үлгерімінің сапасы

Білім беру деңгейлері	Оқу үлгерімінің сапасы (%)		
	2022-2023	2023-2024	2024-2025
бастауыш буыны	61,26	60,71	65,69
негізгі орта буын	29,68	42,53	57,62
жалпы орта буын	41,67	42,48	53,09

29--диаграмма



Білім деңгейі бойынша сапаны қарастыратын болсақ, орта және жоғары буындарда сапаның көтерілуі басым. Көрсеткіштер бастауыш буында +4,4%-ға көтерілген, орта буында +27,9%-ға, жоғары буында 11,67%-ға өскен. Бұл дегеніміз 2022-2023 оқу жылы мен 2024-2025 оқу жылының айырмашылығы.

Сапа мониторингін параллель сыныптар бойынша қарастырғанда: 2024-2025 оқу жылында 50 % төменгі сапа көрсеткен сыныптар болмады.


Қорытынды: 2024-2025 оқу жылында 5-9, 10-11 сыныптарда оқушылардың білім сапасы артты.

Пәндер бойынша үлгерім сапасы (%)


№	Пән атауы	2022-2023 ож	2023-2024 ож	2024-2025 ож
		%	%	%
1	Қазақ тілі	65,57	67	72,9
2	Қазақ тілі мен әдебиеті	68,98	68,3	88
3	Орыс тілі мен әдебиеті	84,19	78,6	85
4	Ағылшын тілі	62,01	66,8	78,6
5	Қазақстан тарихы	61,35	67,7	72,04
6	Дүниежүзі тарихы	67,04	68,6	76,8
7	Құқық негіздері	83,34	88,37	75,22
8	Математика	47,93	55,6	76,8
9	Алгебра	40,45	46,5	60,3
10	Геометрия	47,99	48,6	71,6
11	Жаратылыстану	66,67	67,9	84,6

12	Физика	60,43	47,3	65
13	Химия	57,46	48,9	62
14	Биология	57,06	56,9	74
15	География	71,39	88,8	77
16	Информатика	97,38	92,5	95

30--диаграмма




31- диаграмма



Қорытынды аттестаттау қорытындысы, 9-сынып Негізгі пәндер бойынша білім сапасы

Сынып	қазақ тілі			алгебра			орыс тілі мен әдебиеті		
	22-23	23-24	24-25	22-23	23-24	24-25	22-23	23-24	24-25
9 «А»	73,9	82,7	85,1	0	31,1	48,1	86	82,7	88,1
9 «Ә»	71,4	60,7	80,7	0	32,1	50	71,4	82,1	80,7
9 «Б»	66,6	62	70,3	0	41,3	33,3	54,1	73,3	74
9 «В»	64,7	73,3	85,7	5,8	33,3	57,1	58,8	73,3	89,2
9 «Г»	91,6		68,2	0		65,3	66,6		73,4
9 «Ғ»			84,6			69,2			80,7
Барлығы	73,6%	69,6%	79,2%	5,8%	34,4%	53,8%	67,3%	79,3%	80,9%

32-диаграмма



9-сыныптарда негізгі емтихан пәндері бойынша сапа мониторингі мыналарды көрсетеді: барлық пәндер бойынша 2022-2023 және 2023-2024 оқу жылдарында үлгерім 100% құрады. 2022-2023 оқу жылында пәндер бойынша білім сапасы: қазақ тілі – 72%, орыс тілі және әдебиеті – 76 %; алгебра - 52%; русский язык - 67%, қазақ тілі мен әдебиеті - 73% құрады. 2023-2024 оқу жылында пәндер бойынша білім сапасы: қазақ тілі – 82%, орыс тілі және әдебиеті – 70 %; алгебра - 57%; русский язык - 68%, қазақ тілі мен әдебиеті - 74% құрады.


Таңдау пәндерін анықтау нәтижесінде оқушылар биология, география, Қазақстан тарихы, ағылшын тілі пәндерін таңдады. Емтихан нәтижелерін талдау мынаны көрсетті.

https://drive.google.com/drive/folders/1_eMxYXpiu8R5FQwI8NYSrN-fd3_hD3Q8?usp=sharing

Тандау пәні бойынша білім сапасы

Сынып	Шетел тілі			География			Биология			Қазақстан тарихы			Информатика			Физика			Қазақ әдебиеті		
	22-23	23-24	24-25	22-23	23-24	24-25	22-23	23-24	24-25	22-23	23-24	24-25	22-23	23-24	24-25	22-23	23-24	24-25	22-23	23-24	24-25
9 «А»	50%	-	100%	0%	-	-	50%	100%	100%	-	80%	25%	-	100%	-	100%	-	-	37,5%	78,5%	85,7%
9 «Ә»	80%	100%	100%	0%	-	-	100%	100%	-	-	78,5%	72,2%	-	-	-	66,6%	-	-	20%	80%	100%
9 «Б»	0%	100%	100%	21%	100%	-	100%	100%	100%	0%	57,1%	83,3%	-	83,3%	-	0%	-	-	25%	50%	57,1%
9 «В»	75%	100%	100%	0%	100%	-	100%	75%	86,6%	0%	100%	100%	-	-	-	100%	-	-	27,5%	77,7%	66,6%
9 «Г»	100%	-	100%	-	-	-	61,5%	-	69,2%	0%	-	75%	-	-	-	0%	-	-	0%	-	66,3%
9 «Ғ»	-	-	100%	-	-	-	-	-	-	-	-	0%	-	-	-	-	-	-	-	-	77,2%
Барлығы	61%	100%	100%	4,2%	50%	-	82,3%	93,7%	71,1%	0%	63,1%	59,2%	-	45,8%	-	40%	16,6%	-	22%	71,55%	64,4%

33- диаграмма




Қорытынды аттестаттау қорытындысы 11-сынып Негізгі пәндер бойынша білім сапасы

Сынып	қазақ тілі			алгебра			орыс тілі мен әдебиеті			қазақстан тарихы		
	22-23	23-24	24-25	22-23	23-24	24-25	22-23	23-24	24-25	22-23	23-24	24-25
11 «А»	92,3%	95,4%	87,5%	38,4%	50%	50%	100%	100%	93,7%	53,8%	77,2%	93,7%
11 «Ә»	85,7%	68,7%	83,3%	28,5%	56,2%	70,8%	100%	87,5%	91,6%	42,8%	100%	75%
11 «Б»	83,3%	71,4%	57,1%	61,1%	50%	57,1%	94,4%	100%	71,4%	55,5%	64,2%	50%
11 «В»	-	-	76,1%	-	-	71,4%	-	-	80%	-	-	76,1%

Барлығы	87,7%	78,1%	76%	42,6%	52%	62,3%	98,1%	95,8%	84,1%	50,7%	79,4%	73,7%
----------------	--------------	--------------	------------	--------------	------------	--------------	--------------	--------------	--------------	--------------	--------------	--------------

34-диаграмма




Негізгі пәндер бойынша емтихан нәтижелері бойынша алгебра және анализ бастамалары пәнін меңгеру сапасы жеткіліксіз.

Таңдау пәндерін анықтау нәтижесінде оқушылар биология, география, геометрия, дүниежүзі тарихы, шетел тілі, физика, информатика, қазақ тілі мен әдебиеті пәндерін таңдады. Емтихан нәтижелерін талдау мынаны көрсетті:

Таңдау пәндері бойынша білім сапасы


Сынып	Қазақ әдебиеті			География			Биология			Дүние жүзі тарихы			Шетел тілі		
	22-23	23-24	24-25	22-23	23-24	24-25	22-23	23-24	24-25	22-23	23-24	24-25	22-23	23-24	24-25
11 «А»	100%	100%	100%	0%	100%					80%	100%		100%	100%	100%
11 «Ә»						75%	69,2%	100%	85,7%		100%	90,9%		100%	100%
11 «Б»	100%		37,5%	0%	100%	66,6%							100%	100%	
11 «В»			85,7%												100%
11 «Г»	100%					50%									100%
Барлығы	100%	100%	74,4%	0%	100%	63,8%	69,2%	100%	85,7%	80%	100%	90,9%	100%	100%	100%

35-диаграмма



Сынып	Химия			Геометрия			Информатика			Физика		
	22-23	23-24	24-25	22-23	23-24	24-25	22-23	23-24	24-25	22-23	23-24	24-25
11 «А»								100%				
11 «Ә»	100%											
11 «Б»				100%	100%		75%	100%	100%	100%	50%	100%
11 «В»												
11 «Г»									100%			
Барлығы	100%			100%	100%		75%	100%	100%	100%	50%	100%

36 диаграмма



Қорытынды: Қорытынды аттестаттау нәтижелерінің жыл сайынғы мониторингі келесі оқу жылының жұмысына түзетулер енгізуге, жекелеген пәндердің оқытылуын, жекелеген мұғалімдердің жұмысын бақылауға мүмкіндік береді.

7.2. Оқу жетістіктерін бағалау және ҚБ және ЖБ талаптарын сақтау.

Оқу жылындағы оқу үлгерімі мен оқу барысы туралы деректерді жинау үшін бағалаудың екі түрі жүзеге асырылады: формативті және жиынтық бағалау. "Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, аралық және қорытынды аттестаттауды жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы"ҚР БҒМ 18.03.2008 жылғы №125 Бұйрығына сәйкес бағаланатын пәндер бойынша жүргізіледі.

Кері байланыс алу үшін әр сабақта формативті бағалау жүргізіледі. Нормативке сәйкес бөлімнің және тоқсанның қорытындылары бойынша жиынтық бағалау (жиынтық жұмыстардың саны "оқу пәндерін оқытудың ерекшеліктері"бөлімінде әр оқу жылының нұсқаулық-әдістемелік хатында жазылған).

Жиынтық жұмыстарды жүргізу кестесі (күніне үш пәннен артық емес) жасалады және директордың оқу ісі жөніндегі орынбасарымен бекітіледі. ТЖБ және БЖБ тапсырмалары пән бойынша спецификацияға сәйкес әзірленеді, тоқсанның барлық бөлімдері/өтпелі тақырыптары үшін оқу мақсаттарын қамтиды (ӘБ отырысында қаралады және директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары бекітеді).

ТЖБ / БЖБ өткізу ұзақтығы жиынтық бағалауды жүргізудің әдістемелік ұсынымдарымен регламенттеледі (20/40 мин). Жиынтық жұмыстарды бағалау мұғалім әзірлеген критерийлер мен дескрипторларға сәйкес жүргізіледі.

Бағалаудың екі түрі үшін ұпайлар өткізілгеннен кейін (жиынтық бағалауды жүргізудің әдістемелік ұсынымдары)ФБ өткізілетін күні, ЖБ үш күннен кешіктірмей электрондық журналға енгізіледі.

Жиынтық жұмыстарды жүргізу қорытындысы бойынша түзету жұмыстарын жүргізу мақсатында мұғалімдер ТЖБ/БЖБ нәтижелеріне талдау тапсырады (талдау нысаны - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі №130 бұйрығына № 8 қосымша). Жиынтық жұмыстарды жүргізуге қойылатын талаптардың сақталуын директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары (МБ жоспары) бақылайды. Әр оқу жылының басында нөлдік кесу жүргізіледі.

ТЖБ кестесі (2024-2025 оқу жылының IV тоқсаны мысалында)

Күні сынып	14.05	15.05	16.05	19.05	20.05	21.05	22.05
2 «А»		Орыс тілі			Қазақ тілі	Әдебиеттік оқу Математика	
2 «Ә»			Орыс тілі	Әдебиеттік оқу	Математика	Қазақ тілі	

2 «Б»				Орыс тілі		Қазақ тілі	Әдебиеттік Оқу Математика
2 «В»					Әдебиеттік оқу Орыс тілі	Қазақ тілі Математика	
3 «А»		Орыс тілі		Қазақ тілі Шетел тілі	Әдебиеттік оқу	Математика	
3 «Б»		Орыс тілі		Әдебиеттік оқу	Шетел тілі	Математика	Қазақ тілі
3 «В»	Шетел тілі	Орыс тілі			Әдебиеттік оқу	Қазақ тілі Математика	
4 «Ә»		Жаратыстану		Орыс тілі	Әдебиет Жаратылыст ану Қазақ тілі Шетел тілі		Математика
4 «Б»				Орыс тілі Жаратылыста ну		Әдебиет Шетел тілі	Математика Қазақ тілі
4 «В»			Жаратылы стану	Қазақ тілі Орыс тілі	Әдебиет	Шетел тілі	Математи ка
5 «А»		Әдебиет Шетел тілі	Математи ка	Орыс тілі мен әдебиеті	Жаратылыст ану Қазақ тілі	Қаз.тарих	
5 «Ә»	Математика	Жаратылыста ну Әдебиет Қаз.тарих			Шетел тілі	Қазақ тілі	Орыс тілі мен әдебиеті
5 «В»	Математика	Жаратылыста ну Қаз. Тарих Қазақ әдебиеті				Қазақ тілі	Орыс тілі мен әдебиеті
6 «А»	Қазақ тілі	Орыс тілі мен әдебиеті		Математика	Шетел тілі Қаз.тарих		Жаратылы стану
6 «Ә»	Математика			Қаз.тарих Орыс тілі мен әдебиеті	Қазақ әдебиеті	Жаратылыстану Қазақ тілі Шетел тілі	
6 «Б»	Қазақ әдебиеті		Қазақ тілі	Қаз.тарих Орыс тілі мен әдебиеті	Жаратылыст ану	Математика Шетел тілі	
6 «В»			Орыс тілі мен әдебиеті	Қазақ тілі	Шетел тілі Қазақ әдебиеті	Қаз.тарих Математика	
7 «А»	Физика			Қазақ тілі		Шет тілі	
7 «Ә»	Биология Физика	Химия	Дүниежүзі т Қазақ тілі Қаз.тари х ОТМӘ	Шет тілі			
7 «Б»			Иностран ный язык	Геометрия			

7 «В»		Алгебра					Геометрия
8 «А»	Физика Шет тілі	Биология Информатика	Алгебра		Химия		
8 «Ә»	Физика ОТМӘ	Қазақ әдебиеті			Қазақстан тарих	Биология	Химия
8 «Б»	Всемирная история География Химия						
8 «В»		История Казахстана КИЯЛ			Химия	География	
9 «А»	ОТМӘ Шет тілі		Дүниежүзі тарихы Құқық негіздері	Геометрия		Биология	Физика
9 «Ә»	ОТМӘ		Алгебра Қазақстан тарих	Құқық негіздері	Биология Физика	Информатика	
9 «Б»		Химия	Иностранный язык	История Казахстана	Информатика	Физика	Основы права
10 «А»		Шетел тілі	Геометрия	Физика			Биология
10 «Ә»		Орыс тілі мен әдебиеті	Шетел тілі	Физика			
10 «Б»	Информатика	Иностранный язык Геометрия	Всемирная история Биология	Русская литература Основы права Алгебра			
11 «А»		Қазақ әдебиеті		Шетел тілі		Дүниежүзі тарихы	Қазақ тілі
11 «Ә»	Биология Қазақ әдебиеті Қазақ тілі			Шетел тілі		Дүниежүзі тарихы	
11 «Б»	Всемирная история		Иностранный язык Основы права				

Бақылау қорытындысы бойынша талдау (БЖБ/ТЖБ)

1-тоқсан бойынша Орыс тілі мен әдебиеті пәні

Сынып: 5

Оқушылар саны: 176

БЖБ және ТЖБ нәтижелерін талдау

Класс	Кол во уч-ся	Тоқсандық							Жылдық	
		85-100% «5»	%	Кол во уч-ся	0-42% «2»	43-64% «3»	65-84% «4»	85-100% «5»		
5 А	25	9	73,9	23	0	7	8	8	69,57	73,9
5 Б	26	9	91,6	24	0	3	14	7	87,5	87,5
5 В	24	12	88,4	25	0	4	9	12	84	84

5 Г	23	8	72	25	0	10	6	9	60	76
5 Ғ	25	12	84,2	19	0	4	2	13	78,9	84,2
5 Д	27	5	73,9	23	0	6	12	5	73,9	73,9
5 Ә	26	4	68,1	23	0	6	13	4	73,9	73,9
Всего	176	59	79	162	0	40	64	58	75,3	79

	Қол жеткізілген мақсаттар	Қиындық тудырған мақсаттар
БЖБ 1	-шығармадағы авторлық идеяның өмір шындығымен байланысын жазу	
БЖБ 2	-шығарма идеясын талдау мен көркемдегіш құралдардың байланысын талдау	- мәтін үзінділері бойынша болжам жасау
ТЖБ	- көркем шығармадағы заман көрінісі мен қазіргі заман көрінісін салыстырып бағалау	-көркемдегіш құралдардың байланысын талдау

Қорытынды нәтижелерін талдау білім алушылардың мынадай білім деңгейін көрсетті (107 оқушы)

өте жоғары: 85-100% - 58

жоғары : 65-84% - 64

орта : 43-64% - 40

төмен: 0-42 % - 0

Тапсырмаларды орындау барысында білім алушыларда туындаған қиындықтар тізбесі: көркемдегіш құралдардың байланысын талдау.

Тапсырмаларды орындау барысында білім алушыларда туындаған қиындықтардың себептері: Қосымша ізденістің аздығы БЖБ және ТЖБ нәтижелерін талдау қорытындысы бойынша жоспарланған жұмыс: қиындықтар тудырған мәселелерді пысықтау.

Қорытынды: мектепте оқушылардың білімін бағалауды (ФБ, ЖБ) бақылау бойынша тұрақты жұмыс жүргізіледі, егжей-тегжейлі талдау жасалады, мұғалімдердің зерттеу топтары оларды қолдану тәжірибесін жақсарту мүмкіндіктерін зерттейді, әдістемелік кеңестерде тәжірибелерімен бөліседі.

7.3. ҚР МЖМБС талаптарына сәйкес 4,9-сынып оқушыларының жетістіктерін анықтау бойынша оқыту нәтижелерін бағалау

Республика Білім және Ғылым министрінің бұйрығымен бекітілген Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарына сәйкес 2025 жылғы 11 сәуірде Қазақстан Білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету департаменті 4,9 сынып оқушылары арасында оқыту нәтижелерін бағалау рәсімін қолдана отырып, «Қ.Мұхамедханов атындағы №90 гимназия» ШЖҚ МКК бағалау кезінде кешенді тестілеу өткізді.

Мектепте тестілеу офлайн режимінде өтті.

Тестілеуге 376 оқушы қатысты, оның ішінде 4 – сынып -222, 9-сынып-161 оқушы.

Мектеп директоры аудиториялар бойынша кезекшілердің тізімін, жауаптылардың тізімін бекітті, медицина қызметкері мен педагог-психологтың қатысуын қамтамасыз етті.

№	Сынып	Журнал бойынша оқушылар саны	Қатысқан оқушылардың жалпы саны	«5» баға алған саны	«4» баға алған саны	«3» баға алған саны	«2» баға алған саны	орташа балл	Оң бағалар (үлгерімі) %
1	9	161	152	0	10	43	99	2.4	84.4%
2	4	222	214	11	56	103	44	3.1	86.3%
Барлығы		383	366	11	66	146	143	5.5	85.3%

4-сынып оқушыларының 222-ден 214-і тестілеуге қатысты (8 бала дәлелді себептермен болмаған, анықтамалар берілген).

9-сынып оқушыларының 161-ден 152-і тестілеуге қатысты (9 бала дәлелді себептермен болмаған, анықтамалар берілген).

Қорытынды: жалпы мектеп бойынша кешенді тестілеуге қатысқан 366 оқушының 11 оқушысы «өте жақсы», 66 оқушысы «жақсы», 146 оқушысы «қанағаттанарлық», 143 оқушы «қанағаттанарлықсыз» деген нәтижелер көрсетті. Мектеп бойынша білім мен білік дағдысының көрсеткіші – 85,3% құрады. Бағалаудың өлшемшарттарына сәйкес 40-64 % - бұл «қанағаттанарлық».

4, 9-сыныптардың ББД сапасын бағалау нәтижелері

https://drive.google.com/drive/folders/1_eMxYXpiu8R5FQw18NYSrN-fd3_hD3Q8?usp=sharing

8 БӨЛІМ. БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНЕ ҚАТЫСУШЫЛАР МЕН БАСҚА РЕСПОНДЕНТТЕРДІ САУАЛНАМА ЖҮРГІЗУ.

Сауалнама нәтижелерін талдау

2025 жылдың 9-15 сәуір аралығында білім беру процесінің қатысушылары (мұғалімдер, оқушылар, ата-аналар) онлайн-сауалнамадан өтті. Білім беру процесіне қатысушылардың сауалнама нәтижелері:

№	Респонденттер	нәтижелер	Қатысу пайызы
1	Оқушылардың сауалнамасын талдау	Тізім бойынша 383 оқушы, сауалнамадан өткені – 325 оқушы	84,8%
2	Мұғалімдердің сауалнамасын талдау	Тізім бойынша 41 мұғалім, сауалнамадан өткені – 41	100%
3	Ата-аналардың (заңды өкілдердің) сауалнамасын Талдау	Тізім бойынша 383 ата-ана, сауалнамадан өткені - 309	80,6%

Қорытынды: Сауалнама оқушыларға мектептің білім беру деңгейін, мұғалімдердің оқытуы мен тәрбиелеуі үшін жасалған жағдайларды, ата-

аналардың білім алушылардың дайындық деңгейіне және мектептің білім беру қызметтерін бағалау үшін алынды.

9 БӨЛІМ. КЕМШІЛІКТЕР МЕН ЕСКЕРТУЛЕР, ОЛАРДЫ ШЕШУ ЖОЛДАРЫ

№	Кемшіліктер	Шешу жолдары
1	Педагог кадрлардың тұрақсыздығы	Көшбасшылық курсы ұйымдастыру
2	Дарынды оқушылардың мамандандырылған мектептерге ауысуы	Дарынды оқушылар резервін құру

10. БӨЛІМ. ҚОРЫТЫНДЫЛАР МЕН ҰСЫНЫСТАР

Өзін-өзі бағалау материалдарының қорытынды талдауы 2022-2023, 2023- 2024 және 2024-2025 оқу жылы бойынша мектептің барлық бағыттардағы қызметін қамтитын бөлімдер бойынша жасалды. Мұғалімдердің, оқушылардың, мектеп басшыларының педагогикалық, білім беру және басқару қызметінің жағдайы мен нәтижелері, педагогикалық процестің ғылыми-әдістемелік қамтамасыз етілуі, еңбек және оқу жағдайларындағы денсаулық сақтау шарттары, материалдық-техникалық база талданды. Мектеп қызметі тұлғаны қалыптастыруға және одан әрі дамытуға бағытталған. Бұл мектеп миссиясының идеологиясы аясында жүзеге асады. «Әр баланың жоғары деңгейде білім алуына қолдау көрсетіледі!» мектеп миссиясына мектептің барлық ұжымы, оқушылары мен ата- аналары жұмыс жасайды.

Өзін-өзі бағалау материалдарына сараптама жүргізгеннен кейін Қайым Мұхамедханов атындағы №90 гимназия сараптау комиссиясы келесідей қорытынды жасады:

оқу-тәрбие процесі және әдістемелік жұмыс ҚР білім беру мекемелерінің қызметін реттейтін нормативтік-құқықтық актілер талаптарына, мектеп жарғысына, жергілікті актілерге сәйкес жүзеге асырылады;

оқу-тәрбие процесі ҚР МЖМБС, оқу жұмыс жоспарына (ОЖЖ) сәйкес ұйымдастырылған, оны Астана қаласының білім басқармасы бекіткен; кадрлық әлеуетті талдау мектеп әкімшілігінің кадрлық саясатты дұрыс жүргізіп отырғанын көрсетеді. Педагогикалық ұжым тұрақты және жоғары білікті. Педагогикалық кадрлардың кәсіби құзыреттілігін жетілдіру міндетін шешуде әдістемелік қызмет мұғалімдердің біліктілігін арттыру курстарынан жыл сайын өтуін қамтамасыз етеді. Жас мамандардың сәтті бейімделуі үшін жас мамандар мектебі жұмыс істейді, тәлімгерлер бекітілген, педагогтерді аттестаттау жоспары орындалуда;

педагогикалық кеңестер жоспар бойынша өткізіледі, тақырыбы өзекті. Жұмыс жүйесі қадағаланады, оқу мазмұнындағы мәселелер (пәндерді оқыту жағдайы, білім сапасын арттыру, МЖО-ға дайындық, қорытынды аттестаттау, оқуға ынтасы төмен оқушылармен жеке жұмыстар, дарынды балалар жұмыс), әдістемелік және тәрбие мәселелері қаралады, ұжым жұмысы талданады,

алдыңғы ПК шешімдерінің орындалуы қаралады. ПК хаттамаларының журналы бар;

мектептің ішкі бақылауы оқу-тәрбие процесінің барлық бағыттарын қамтиды, ең маңызды мәселелер келесі оқу жылында талқыланып, шешіледі; оқу сапасын уақытында түзету (сыныпты жалпы педагогикалық-психологиялық тұрғыда зерделеу) мақсатында, оқушылардың үлгерімі, сынып параллельдері қадағаланып, мектепшілік бақылау жасалып, талданады;

кәсіптік бағдарлау және бейіндік дайындықты жүзеге асыру мақсатында мектеп колледждермен, ЖОО-дарымен тығыз ынтымақтасады, кәсіптік бағдарлау жұмыстары жүйелі жүргізілуде;

білім алушылармен тиянақты әрі жүйелі жасалған жұмыс нәтиже береді, қалалық, республикалық, халықаралық конкурстарға белсенді қатысу және жыл сайын тұрақты өсу динамикасы байқалады;

мектептің тәрбие жұмысы бәсекеге қабілетті, жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, дамыған тұлғаны қалыптастыруға бағытталған;

қазіргі уақытта мектептегі үйірме және факультативтік жұмыстармен оқушыларды бейініне және кәсіби бағдарына қарай қамту жеткілікті; білім беру процесі ақпараттық-кітапханалық қормен қамтамасыз етілген, кітап қоры жеткілікті, көркем шығармалармен толықтырылып, жыл сайын қамтасыз етіледі. Ерекше білім беруді қажет ететін балаларға арналған оқулықтармен қамтылған.

оқушылар 100% оқулықпен қамтамасыз етілген;

оңтайлы білім беру ортасын құру және нығайту, материалдық-техникалық базаны жаңарту бойынша мақсатты жұмыстар жүргізілуде, компьютерлік база ұлғайып, кабинеттердегі интерактивті тақталар мен панельдердің саны артуда, әдістемелік материалдармен қамтамасыз етілуі жақсаруда. Жөндеу жұмыстары уақтылы және сапалы жүргізілуде.

Қайым Мұхамедханов атындағы №90 гимназия қызметін бағалау нәтижелері

№	Бағалау критерийлері	Өлшемдер	Балл
1	Тиісті бейіні бойынша жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) педагогикалық білімі немесе педагогикалық қайта даярлауды растайтын құжаты бар мұғалімдердің үлесі	100 %	5 балл
2	Біліктілік санатының деңгейін бес жылда бір реттен сиретпей арттырған/растаған педагогтердің (оның ішінде басшылардың үш жылда бір реттен сиретпей) үлесі	100%	5 балл
3	Үш жылда бір реттен сиретпей (оның ішінде басшы, басшы орынбасарларының) біліктілігін арттыру курстарынан өткен педагогтердің үлесі	100%	5 балл

4	Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 24 қарашадағы №473 бұйрығына сәйкес негізгі жұмыс орны лицензиат болып табылатын жоғары және бірінші санатты педагогтердің, педагог-сарапшылардың, педагог-зерттеушілердің, педагог-шеберлердің бастауыш білім беру деңгейіндегі педагогтердің жалпы санынан үлесі	40%	4 балл
5	Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 24 қарашадағы №473 бұйрығына сәйкес негізгі жұмыс орны лицензиат болып табылатын жоғары және бірінші санатты педагогтердің, педагог-сарапшылардың, педагог-зерттеушілердің, педагог-шеберлердің негізгі орта және жалпы орта білім беру деңгейіндегі педагогтердің жалпы санынан үлесі	Негізгі орта- 36 % Жалпы орта- 100%	4 балл 5 балл орташа-4 балл
6	Білім беру ұйымдарының Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 22.01.16 жылғы №70 бұйрығына сәйкес жабдықтармен және жиһаздармен қамтамасыз етілуі	100%	5 балл
7	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 12.01.22 жылғы №6 бұйрығына сәйкес ерекше білім алу қажеттіліктері бар тұлғалар үшін ғимараттарда жағдай жасау (пантус, есіктер мен баспалдақтарды контраст бояумен бояу)	100%	5 балл
8	Білім беру ұйымдарын Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 19.01.16 жылғы №44 және 22.05.20 жылғы №216 бұйрықтарына сәйкес оқулықтармен, оқу және көркем әдебиеттермен қамтамасыз ету	100%	5 балл
9	Білім беру ұйымдары топтарының (сыныптарының) толықтырылуының сәйкестігі (топтар/сыныптар бөлінісінде)	95%	4 балл
10	Компьютерлік тестілеу нәтижелері бойынша оқу нәтижелері	53,9%	3 балл
11	Білім алушылардың сауалнамасының нәтижелерін талдау	84,8%	5 балл
12	Педагогтердің сауалнамасының нәтижелерін талдау	100%	5балл
13	Ата-аналардың (заңды өкілдердің) сауалнамасының нәтижелерін талдау	80,6%	5 балл

Жалпы балы: 65

Бағалау парағы

Астана қаласы әкімдігінің « Қайым Мұхамедханов атындағы №90 гимназия» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорыны

№	Бағалау критерийлері	Білім беру ұйымына сәйкес бағалау өлшемдерінің мазмұны	Балы
1	65-75 аралығы	үлгілі	65 балл

Жасалған есеп, педагогикалық кеңестің шешімі (28.08.2025 жылғы №1 ПК), Педагогикалық кеңес негізінде, сараптама комиссиясы мынадай қорытынды жасайды: Астана қаласы әкімдігінің «Қайым Мұхамедханов

атындағы №90 гимназия» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорыны оқу-тәрбие процесін заманауи деңгейде ұйымдастыру үшін қажетті оқу-педагогикалық әлеуетке және білікті педагогикалық ұжымға ие, жеткілікті материалдық-техникалық базасы бар, «гимназия» мәртебесіне сәйкес келеді.

Бағалау критерийлеріне сәйкес, мектептің қызметі «үлгілі» деп бағаланады – 65 балл.

[Педагогикалық кеңес хаттамасы, комиссия бұйрығы](#)